

## Мазмұны

№	Бөлім	Бет.
1.	Жалпы ережелер.....	2
2.	Тараптардың міндеттемелері.....	3
3.	Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды қарау тәртібі .....	7
4.	Еңбек және демалыс режимдері.....	7
5.	Еңбекке ақы төлеу.....	9
6.	Кадрлық әлеуетті дамыту.....	14
7.	Гендерлік саясат .....	15
8.	Жастар саясаты. Жас жұмыскерлерге әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер.....	15
9.	Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.....	17
10.	Еңбекті қорғау.....	18
11.	Әлеуметтік кепілдіктер, жеңілдіктер және өтемақылар.....	20
12.	Жұмыс берушінің кәсіподақ қызметінің жүзеге асырылуы үшін жағдайлар жасау бойынша міндеттемелері .....	22
13.	Келісімнің орындалуын бақылау және жауапкершілік .....	24
1.	Қосымша.....	26
2.	Қосымша.....	28
3.	Қосымша.....	31
4.	Қосымша.....	34
5.	Қосымша.....	37
6.	Қосымша.....	42
7.	Қосымша.....	47
8.	Қосымша.....	49
	Орыс тіліндегі аудармасы.....	50

**2020-2022 жылдарға арналған уәкілетті мемлекеттік орган, машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі жұмыскерлері мен жұмыс берушілерінің өкілдері арасындағы САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы 2020-2022 жылдарға арналған уәкілетті мемлекеттік орган, машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі жұмыскерлері мен жұмыс берушілерінің өкілдері арасындағы Салалық келісім (бұдан әрі – Келісім) уәкілетті мемлекеттік орган Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік), машина жасау, қорғаныс өнеркәсібі және сабақтас салалар кәсіпорындары жұмыскерлерінің кәсіподақ ұйымдары мүшелерінің мүдделерін білдіретін «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің (бұдан әрі – Кәсіподақ), машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі жұмыс берушілерінің мүдделерін білдіретін Қазақстан Республикасы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – Жұмыс беруші), сонымен

қатар, қорғаныс өнеркәсібі жұмыс берушілерінің мүдделерін білдіретін «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жұмыс беруші) арасында жасалды.

2. Келісімнің тараптары: Министрлік, Кәсіподақ және Жұмыс беруші.

3. Осы Келісім әлеуметтік, еңбек және оларға байланысты экономикалық қатынастарды реттеудің жалпы қағидаттарын, Тараптардың өзара міндеттемелері мен жауапкершілігін айқындайтын, машина жасау, қорғаныс өнеркәсібі және олармен сабақтас салалар кәсіподақтарының мүшелері болып табылатын жұмыскерлер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген, сондай-ақ жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің Жұмыскерлердің нақты кірістерінің өсуі үшін мүдделерінің оңтайлы тепе-теңдігін қамтамасыз ететін қосымша әлеуметтік және еңбек кепілдіктерін белгілейтін құқықтық акт болып табылады.

4. Келісім Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Кәсіподақтар туралы» Заңына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмысшылар мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы Бас келісімге, сондай-ақ Халықаралық еңбек ұйымының Қазақстан Республикасы ратификациялаған Конвенцияларына сәйкес жасалды.

5. Осы Келісімнің күші Министрлікке, жұмыскерлерге және олардың машина жасау, қорғаныс өнеркәсібі және олармен сабақтас салалардағы өкілдері - кәсіподақтарға, машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарында - Жұмыс берушіге қолданылады.

6. Келісім 2020-2022 жылдарға жасалды, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.

7. Тараптардың ешқайсысының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды біржақты тәртіппен тоқтатуға құқығы жоқ.

8. Жұмыскерлердің жағдайын жақсартатын Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде қабылданған нормативтік құқықтық актілер Келісімнің тиісті тармақтарының аясын кеңейтеді.

9. Келісім Тарапының өкілі қайта құрылған жағдайда оның Келісім бойынша құқықтары мен міндеттері оның мирасқорына өтеді және жаңа Келісім жасалғанға дейін немесе осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін сақталады.

10. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Келісіммен салыстырғанда жұмысшылардың жағдайын нашарлататын ұжымдық шарттар мен келісімдердің шарттары жарамсыз болып табылады және қолданылмайды.

11. Жұмыскерлердің өкілдері болып кәсіптік одақтардың органдары, олардың бірлестіктері, ал олар болмаған кезде - Жұмыскерлердің жалпы жиналысында (конференциясында), Жұмыскерлердің (конференция делегаттарының) кемінде үштен екі бөлігінің көпшілік дауысымен сайланған және уәкілеттік берілген сайланған өкілдері табылады.

12. Кәсіпорында кәсіподақ болмаған кезде кәсіподақ пен жұмыс беруші арасындағы қатынастарға қатысты тармақтар міндетті түрде қолдануға жатпайды.

## **2. Тараптардың міндеттемелері**

1. Тараптар осы Келісімде қарастырылған ережелер, әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктер мен кепілдіктерді ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актісінде осы Келісіммен салыстырғанда нашарлатуға болмайтынын мойындайды.

2. Тараптар осы Келісімде қарастырылған ережелер, әлеуметтік-экономикалық жеңілдіктер мен кепілдіктер Тараптар үшін міндетті болып табылатындығын мойындайды. Оған қоса ұжымдық шартта қосымша әлеуметтік кепілдіктер қарастырылуы мүмкін.

3. Ұжымдық шарттың күші аттарынан ұжымдық шарт жасалған жұмыс берушіге және кәсіпорнынның жұмыскерлеріне, сондай-ақ жазбаша өтініш негізінде кәсіподақтың есепшотына (ұйымда кәсіподақ болған жағдайда) міндетті түрде ай сайын есептелген жалақының кемінде 1% мөлшерінде мүшелік жарна аударатын Келісімге қосылатын жұмыскерлерге қолданылады.

Келісімге қосылу тәртібі ұжымдық шартта айқындалады.

4. Келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеуге және қабылдауға қатысу үшін Тараптардың бақылаушылар тобын құру, оның құзыреті және қызметі тәртібі осы Келісімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалады.

5. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның отырыстарында Тараптар жұмыс берушілер

мен кәсіподақтар өкілдерінің саланың кәсіпорындарында ұжымдық шарттардың орындалу барысы туралы есептерін тыңдайды.

6. Тараптар еңбек ұжымдарын әлеуметтік, еңбек және оларға байланысты экономикалық қатынастарды жақсарту бойынша осы салада қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

7. Тараптар еңбек ұжымдарындағы жағымды әлеуметтік-психологиялық климатты сақтауға өз үлестерін қосады және жеке және ұжымдық еңбек дауларының алдын алу және болдырмау бойынша бірлескен шаралар қабылдайды.

8. Тараптар тиісті кәсіпорындардың жұмыскерлеріне осы Келісімнің мазмұны туралы жеткізеді.

9. Тараптар сала кәсіпорындарында тәлімгерлік пен еңбек әулеттерінің дамуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар цехтарда, учаскелерде және ауысымдарда еңбек бәсекелестігін арттыратын өндірістік жарыстарды ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жүргізеді.

10. Тараптар шешімін табу керек күрделі еңбек, әлеуметтік және онымен байланысты экономикалық мәселелерді осы Келісімнің 2-қосымшасына сәйкес ұжымдық еңбек дауларын болдырмау және шешу жөніндегі Кеңесті құру және оның қызметі туралы ережеге сәйкес қарайды.

11. Салалық келісімді қайта жасасу (жасау), оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу кезінде Жұмыскерлердің жалақысы, әлеуметтік төлемдері мен кепілдіктері салалық келісімді қайта жасасу (жасау) кезіндегі деңгеймен салыстырғанда өзгеруі мүмкін әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу салалық комиссиясының шешімі негізінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

12. Салада, тең дәрежеде, қажетті өкілеттіктерге ие Жұмыскерлер мен Жұмыс берушілердің өкілдері арасында, ұжымдық келіссөздер жүргізу, Келісімді дайындау, жасау және бақылау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, реттеу, әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын, Келісім Тараптарының өкілдері арасында туындаған келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі салалық комиссия (бұдан әрі - Салалық комиссия) құрылады.

13. Келісімнің Тараптары бір-біріне, егер бұл ақпарат коммерциялық құпия немесе жариялануға жатпайтын ақпарат болмаса, Келісімнің орындалуы туралы әлеуметтік-экономикалық сипаттағы сұралған мәселелер туралы толық және уақытылы ақпарат береді.

14. Тараптар ерекше көзге түскен Жұмыскерлерді мемлекеттік наградаларға, салалық марапаттарға, «Құрметті машина жасаушы» төсбелгісіне, «Еңбек ардагері» медаліне, «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібін дамытуға қосқан үлесі үшін» медаліне, ведомстволық наградаларға, Министрліктің, Кәсіподақтардың және Жұмыс берушілердің дипломдары, ақшалай сыйлықтарына, кәдесыйларға ұсына алады.

#### **Жұмыс берушілердің міндеттемелері:**

15. Кәсіподақтарға сұраныс бойынша келесі ақпараттарды беру:

– санаттар бойынша жұмысшылар саны туралы;

- санаттар бойынша орташа жалақы туралы;
- қалыпты және қиын, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмысшылардың тарифтік мөлшерлемелерінің көлемі туралы;
- жұмысқа байланысты жазатайым оқиғалар туралы;
- осы Келісімді және ұжымдық шарттарды орындау және жұмыс берушінің осы мақсаттарға жұмсаған шығындары туралы;
- гендерлік және жастар саясаты туралы;
- және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын ақпаратты қоспағанда, кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғауға қатысты мәселелер бойынша өзге де ақпараттарды.

16. Жұмысшылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру мақсатында жұмыс беруші келесі мәселелер бойынша жұмыс берушінің актілерін кәсіподақпен келісе отырып шығарады:

- үш ай ішінде штат санының 10 пайыздан астамға азаюына әкелетін іс-шараларды өткізу;
- қолданыстағы шарттардың нашарлауына әкелетін кәсіпорындағы еңбекақы төлеу шарттарының өзгеруі;
- толық емес жұмыс режимін енгізу;
- жұмысшыларды еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тиісті ережелер мен нормаларға қосымша арнайы жұмыс киімдерімен, арнайы аяқ киімдермен, жеке қорғаныс құралдарымен, сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдері, емдік-профилактикалық тамақтану және жуғыш заттармен қамтамасыз ету;
- өзге мәселелер ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес айқындалуы мүмкін.

17. Ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес жұмысшыларды алыс болғанда және көліктер мен қоғамдық көліктер болмаған жағдайда кәсіпорынның өндірістік орындарына жұмыс орнына жеткізуді ұйымдастыру.

18. Кәсіподақтардың өкілдерін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының, кәсіподақ мүшелері болып табылатын салалық кәсіпорындар жұмыскерлерінің еңбек құқықтары мен мүдделерінің сақталуына, қалыпты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету шараларын зерделеу және енгізу барысына қоғамдық бақылауды жүзеге асырған кезде, оларға жұмыс орындарына кедергісіз кіргізуге және қолдауға Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде кәсіподақ өкілдері қауіпсіздік пен еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға міндетті.

19. Жұмыс беруші және / немесе Кәсіподақтар жұмыскерлерге және олардың отбасы мүшелеріне, бұрынғы жұмыскерлерге атаулы әлеуметтік қолдау көрсетеді. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері мен тәртібі жұмыс берушінің актісінде немесе ұжымдық шартта айқындалады.

20. Салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, өндірістік алаңдарда тамақтандыруды ұйымдастыру арқылы жұмысшылардың лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау.

21. Кәсіподақтардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, осы Келісімде және ұжымдық шарттарда белгіленген құқықтары мен кепілдіктерін сақтауға.

22. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамында кәсіподақтармен бірлесіп, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақат пен кәсіптік аурулардың алдын алу, сонымен қатар еңбек және қоғамдық бақылау бойынша техникалық инспекторларының жұмыс орындарындағы еңбек жағдайын және еңбекті қорғауды тексерулері бойынша бірлескен іс әрекеттерді жүзеге асыру.

**Кәсіподақтардың міндеттемелері:**

23. Кәсіподақтардың мүшелеріне, олардың мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіретін және қорғайтын, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде мемлекеттік органдармен, жұмыс берушілермен, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қауымдастықтарымен (ассоциациялармен, одақтармен) және басқа да қоғамдық ұйымдармен жұмыс істейтін жұмыскерлердің өкілдері бола алады. жұмысшыларға - кәсіподақ мүшелеріне ақысыз заңгерлік кеңес беру.

24. Осы Келісім мен ұжымдық келісім орындалған жағдайда, наразылықтар мен ереуілдерді жанжалды жағдайды шешудің төтенше шаралары ретінде өткізбеу.

25. Өзінің өкілдері арқылы кәсіпорын бөлімшелерінде жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын, кәсіптік одақ мүшелерінің, сондай-ақ келісімшарт негізінде өз мүдделерін білдіруге уәкілеттік берілген Жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен мүдделерін сақтауына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

**Министрлік:**

26. Тараптардың өтініші бойынша саланың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен дамуына қатысты материалдар ұсынады.

27. Тараптарды Министрліктің алқа отырысына және басқа да іс-шараларына қатысуға шақырады.

28. Бірлескен іс шараларды әкімшілік-құқықтық жағынан қамтамасыз етеді.

29. Татуластырушы жақ ретінде Жұмыс беруші мен кәсіподақтар арасындағы келіспеушіліктерді шешуге қатысады.

30. Алқалы органның құрамы Кәсіподақтардың және Жұмыс берушілердің өкілдері кіргізуге және әлеуметтік және еңбек қатынастарын қозғайтын салалық нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау және қарау жөніндегі комиссиялар мен топтардың жұмысына тартуға міндеттенеді.

31. Ол осы Келісімді қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді басылымдарда және Министрліктің интернет-ресурсында ресми түрде жариялауға міндетті.

### 3. Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды қарау тәртібі

1. Министрлік машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі бойынша бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды әзірлеу мен іске асырудың үйлестірушісі болып табылады.

2. Келісім Тараптарының кез келгені бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды әзірлеуге бастамашы бола алады, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

3. Салалардың бағдарламалық және стратегиялық құжаттарының мазмұны бойынша ұсыныстарды келісілген ұстанымды пысықтау үшін ұжымдық келіссөздер мен өзара консультациялар өткізетін салалық комиссия қарайды.

### 4. Еңбек және демалыс режимдері

1. Ұйымдардағы жұмыс уақыты Ұйымның ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен, сондай-ақ Кәсіподақ органдарымен келісу ұсынылатын ауысым кестелерімен анықталады.

2. Ұйым Жұмыскерлерінің жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс.

Жұмыскерлердің жекелеген санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қысқартылған жұмыс уақытының ұзақтығы белгіленеді.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шарттың ережелеріне сәйкес Ұйымдарда:

- он төрттен он алты жасқа дейінгі Жұмыскерлер үшін – аптасына 24 сағаттан аспайтын;

- он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі Жұмыскерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын;

- бірінші және екінші топтағы мүгедек Жұмыскерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын;

- өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын болып белгіленеді.

Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы Жұмыскерлердің (педагогикалық, медициналық және т.б.) басқа санаттары үшін де белгіленуі мүмкін.

Жұмыскерлерге жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленген кезде еңбекке ақы төлеу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.

4. Жұмыскерлерді мерзімнен тыс жұмыстарға олардың келісімі болғанда ғана тартуға болады.

5. Әрбір Жұмыскер үшін мерзімнен тыс жұмыстар бір тәулік ішінде екі сағаттан, ал ауыр дене жұмыстарында және еңбек жағдайлары зиянды және

(немесе) қауіпті жұмыстарда - бір сағаттан аспауға тиіс. Мерзімнен тыс жұмыстардың жалпы ұзақтығы айына он екі сағаттан және жылына жүз жиырма сағаттан аспауға тиіс.

6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша демалыстардан бөлек, Ұйым Жұмыскерлеріне жалақы сақталатын мерзімі күнтізбелік 3 күннен кем емес демалыс беріледі.

- жұбайының біреуі, отбасы мүшелері (балалары, ата-аналары, туған ағалары, апалары, қарындастары, сіңлілері) қайтыс болған болғанда;

- Жұмыскер ресми некеге тіркелгенде;

- Жұмыскердің баласы туылғанда және (немесе) Жұмыскер бала асырап алғанда қосымша ақы төленетін демалыс беріледі.

Еңбек өтілі бойынша қосымша демалыс берудің шарттары мен тәртібі ұжымдық шартта айқындалады.

7. Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін Жұмыскерлердің жыл сайынғы қосымша демалыстарының ұзақтығы, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істеген адамдарға қосымша еңбек демалысына және қысқартылған жұмыс күніне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен қызметтердің тізімімен тікелей анықталады.

8. Қолданыстағы заңнамада, сондай-ақ келісімде көзделген қосымша ақы төленетін демалыс толығымен жыл сайынғы негізгі демалысқа қосылады.

9. Жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу ол басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал еңбек демалысы демалыс кестесінен тыс берілген жағдайда оны берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

10. 14 жасқа дейінгі балалары, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалары бар қамқоршыларға (қорғаншыларға) қосымша әлеуметтік демалыс берілуі мүмкін.

Қосымша әлеуметтік демалыстың шарттары мен тәртібі ұжымдық шартта айқындалады.

11. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Ұйымның ұжымдық шартының ережелеріне сәйкес Жұмыскерге оның алдын ала жазбаша өтініші бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс беруі мүмкін.

12. Жұмыс беруші бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған Жұмыскерлерге олар үшін қолайлы уақытта жыл сайынғы ақы төленетін демалыс береді.

13. Тараптар Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ұлттық мерекелеріне арналған спорттық, сауықтыру және мәдени іс-шараларды, сондай-ақ кәсіби мереке - Машина жасаушылар күнін, Қорғаныс өнеркәсібі жұмысшыларының күнін және Ұйымның мерейтойлық даталарын ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған бойынша іс-шаралар өткізуді ұжымдық шарттарда қарастыруға құқылы.

14. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша кәсіптік оқудан, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өткен Жұмыскерлерге ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес оқуға жұмсалған нақты уақытқа ақы төлеу немесе басқа демалыс күндері беріледі.



15. Әйелдерге жүктілікке және босануға байланысты демалысқа шыққанға дейін немесе ол аяқталғаннан кейін қосымша әлеуметтік демалыс беріледі.

Қосымша әлеуметтік демалыстың шарттары мен тәртібі ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актісінде айқындалады.

## 5. Еңбекке ақы төлеу

1. Осы салалық келісім барлық деңгейлердегі келісімдерге, ұжымдық шарттарға және еңбек шарттарына енгізілетін, еңбекке ақы төлеу шарттарын айқындайтын ең төменгі қажетті мәселелер шеңберін белгілейді.

2. Осы бөлімде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- жалақыны тарифтік реттеу – жұмысты (Жұмыскерлерді) тарифтеу нәтижесі бойынша анықталған жұмыстың (Жұмыскерлердің) тарифтік разрядтарына (еңбекке ақы төлеу разрядтары) байланысты түрлі тарифтік ставкалар (айлық ақы) белгілеу негізінде еңбекке ақы төлеуді саралау;

- жалақы – Жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайына, байланысты еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер;

- арттырушы салалық коэффициент – қызметі зиянды, ауыр және қауіпті еңбек жағдайларымен байланысты кәсіпорындардың Жұмыскерлеріне белгіленеді;

- еңбекке жарамды халықтың ең төмен күнкөріс деңгейі – тұтыну себетінің құндық бағасы, сондай-ақ міндетті төлемдер мен алымдар;

- тарифтік ставка (айлық ақы) – Жұмыскердің уақыт бірлігі ішінде белгілі бір күрделіліктегі (біліктіліктегі) еңбек нормасын (еңбек міндеттерін) орындағаны үшін еңбегіне ақы төлеудің белгіленген мөлшері;

- тарифтік коэффициент – тарифтік кестенің екінші және одан кейінгі тарифтік разрядтарының әрдайым бірге тең бірінші тарифтік разрядтың тарифтік ставкасына тарифтік ставканың (айлық ақының) қатынасы;

- жалақыдағы тарифтің үлес салмағы - заңнамада қарастырылған жеңілдіктер мен өтемақы бонустарын ескере отырып, тарифтік мөлшерлеме (жалақыға) және жалақы ставкаларына есептелген тұрақты бөліктің (негізгі жалақы) кәсіпорынның жалпы жалақы қорына қатынасы.

3. Еңбекке ақы төлеу жүйесінің түрін, тарифтік ставкалардың мөлшерін, лауазымдық айлық ақылардың сұлбасын, материалдық көтермелеу нысандарын, өтемақы сипатындағы қосымша ақылар мен үстемелерді, оның ішінде қалыпты, ынталандырушы сипаттағы қосымша ақы мен үстемелер жүйесінен ауытқитын жағдайлардағы жұмысты анықтау және қайта қарау, сондай-ақ бір жыл ішіндегі жұмыстың қорытындысы бойынша сыйлықақы беру және сыйақы төлеу туралы ережелерді бекітуді Ұйым Кәсіподақтың тиісті органдарымен келісім бойынша жүзеге асырады және ұжымдық шарттарда және Ұйымның ішкі қызметін реттеуші өзге де құжаттарда тіркеледі.

Жұмыс беруші Жұмыскерлердің еңбек ақысының оның нәтижелерімен байланысын қамтамасыз етеді, ол үшін еңбек жөніндегі нормативтік базаны жетілдіру және еңбекке ақы төлеу шарттарын әр Жұмыскерге жеткізу бойынша жұмысты ұйымдастырады.

4. Жұмыс беруші Жұмыскерлер өкілдерінің қатысуымен қамтамасыз етеді:

1) Ұйымның қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, еңбек өнімділігі мен өндіріс көлемінің артуына байланысты мамандардың, қызметшілер мен жұмысшылардың еңбек ақы төлеу қорының өсуі.

2) Жұмыскерлердің жалақыны уақтылы, толық көлемде және ақшалай нысанда төлеу құқықтарын сақтауы.

Жалақы Жұмыскерге ақшалай нысанда төленеді. Жұмыскерлерге жалақы төлеудің нақты күні ұжымдық шартта көрсетіледі. Жұмыскердің жазбаша өтініші бойынша ұжымдық шартқа сәйкес аванс төленуі мүмкін.

3) Жұмыскерлердің еңбек өнімділігі мен жалақысын көтеру негізінде табыстарының өсуі.

4) Жұмыскердің келісімінсіз жалақының мөлшерін азайту есебінен еңбек үшін сыйақының дәстүрлі емес түрлеріне (заттай беру, сақтандыру және басқалары) жол бермеу.

5) Ұйымның қаржылық мүмкіншілігін есепке алып орташа жалақыны Қазақстан Республикасындағы жұмысқа жарамды халықтың 5 ең төмен күнкөріс деңгейіне дейін біртіндеп көтеру бойынша шаралар қолдану.

6) Тиісті жылға республикалық бюджетте белгіленген ең төмен жалақыға кемінде 1.2 коэффициентпен 1-ші разрядты салалық ең төмен тарифтік мөлшерлеме белгілеу:

7) қызметі зиянды, ауыр және қауіпті еңбек жағдайларымен байланысты Ұйым Жұмыскерлері үшін кемінде 1.1-1.3 мөлшерінде арттырушы салалық коэффициент белгілеу.

8) Жұмыскерлердің жалақысының тұтыну бағасының өсуімен байланысты индекстеу есебінен өсуін еңбек нормаларын ауыстыру және қайта қарау үшін негіз деп санамау.

9) Жалақы төлеу кезінде Жұмыс беруші әрбір Жұмыскерге тиісті кезең ішінде оған тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, жүргізілетін ұстап қалу (әлеуметтік қорларға ұстап қалуды қоса алғанда) негіздері туралы, сондай-ақ төленуге тиіс жалпы ақша сомасы туралы хабарлайды.

10) Жұмыскерлердің жалақы төлеу мерзімінің бұзылу мәселелері бойынша талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қарау.

5. Жұмыс беруші еңбек нормаларын қайта қарауды, енгізуді және ауыстыруды, еңбекақы төлеу шарттарындағы өзгерістерді экономикалық негіздеме негізінде, оларды енгізуге дейін бір айдан кешіктірмей, Ұйымның кәсіподақ ұйымының тиісті органымен алдын ала келісіп, егер еңбек шартында, ұжымдық шартта ұзақ мерзім көзделмесе, қарастырады.

6. Тараптар саладағы жұмыскерлердің жалақысының деңгейіне талдау жасайды және қажет болған жағдайда жалақыны ұйымдастыруды жақсарту

үшін заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауға және орындауға қол жеткізеді.

7. Кәсіподақ міндеттеледі:

1) ең төменгі жалақыны көтеруге ұмтылуға, бағаның өсуіне байланысты жалақы төлеу тәртібін бекітуге, сондай-ақ Жұмыскерлер мен олардың отбасыларының өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған басқа да әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге;

2) ұйымдардағы еңбекақы төлеу және жұмыспен қамту мәселелері бойынша еңбек дауларын шешуге ықпал етеді;

3) Кәсіподақ кадрлары мен активін оқыту, кәсіподақ мүшелеріне ұйымдастыру және сыйақы мәселелері бойынша құқықтық және консультативтік көмек көрсетуге.

8. Жұмыскерлерге еңбекақы төлеу үшін Ұйым бойынша Жұмыс берушінің актісімен күнтізбелік жылдың бірінші күнінен бастап онан төмен ай сайынғы тарифтік мөлшерлемені белгілеу мүмкін емес болатын ең төменгі жалақы белгіленеді.

9. *Ұсынылған редакцияда:*

- *Кәсіподақтың:* Жұмыскерлердің ақшалай кірістерінің сатып алу қабілеттерін қолдау мақсатында, Жұмыс беруші келесі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актісінде белгіленген, бірақ өткен жыл үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган белгілеген инфляция деңгейінен (тұтыну бағаларының индексінен) төмен болмайтын мөлшерде жалақыны индекстеуді жүргізеді.»

- *Жұмыс берушінің:* Жұмыскерлердің ақшалай кірістерінің сатып алу қабілеттерін қолдау мақсатында Жұмыс беруші келесі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей, егер бұл ұжымдық шартта немесе Жұмыс берушінің актісінде қарастырылған болса, жалақыны индекстеуді жүргізеді. »

*Ескертпе:* Кәсіподақ пен Жұмыс беруші арасындағы Келіспеушіліктер хаттамасын ескере отырып, Келісімнің осы ережесі белгіленген тәртіппен шешім қабылданғанға дейін заңды күшке ие бола алмайды.

10. Осы Келісімде белгіленген тарифтік мөлшерлемелер (айлық) топтарының қатынасы, тарифтік коэффициенттер индекстеу кезінде сақталады.

11. Ұйымдарда келесі еңбекақы төлеу жүйелерін (ЕТЖ) қолдануға болады:

- уақытқа негізделген ақы төлеу;
- жұмысты орындауға сай төленетін ақы төлеу;
- мерзімдік-сыйлықақы төлеу;
- келісімді сыйлықақы төлеу.

12. Ұйымның жұмысшылары, басшылары, мамандары мен Жұмыскерлері үшін лауазымдық жалақылардың тарифтік мөлшерлемелері осы Ұйымда бекітілген еңбекақы төлеудің Бірыңғай тарифтік жүйесіне сәйкес белгіленеді.

Ұйымның Жұмыскерлерге еңбекақы төлеуіне арналған бірыңғай тарифтік жүйесін әзірлеу және бекіту кезінде разрядаралық коэффициенті 1,05-тен 1,50-ге дейін болуы керек.

Ұжымдық шартта разрядаралық коэффициенттің (шекті тарифтік коэффициент) неғұрлым жоғары деңгейі белгіленуі мүмкін.

Машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі жұмыскерлерінің салалық тариф кестесі (СТК) - бұл тарифтік санаттар жүйесі, сонымен қатар бірінші санаттың тарифтік мөлшерлемесіне қатысты барлық кәсіптер, лауазымдар және Жұмыскерлердің кәсіби біліктілік топтары үшін тарифтік мөлшерлемелерді (еңбекақыларды) анықтайтын тарифтік коэффициенттер.

Кейінгі разрядтардың тарифтік мөлшерлемелерінің көлемі 1 разрядтың тарифтік мөлшерлемесін Ұйымның Бірыңғай тарифтік кестесіне сәйкес тиісті тарифтік коэффициентке көбейту жолымен есептеледі.

Разрядтардың санын Жұмыскерлер санына байланысты Ұйым дербес анықтайды:

Жұмыскерлердің санаттары мен лауазымдарын біліктілік разрядтары бойынша бөлуді Жұмыс беруші дербес жүргізеді.

Мамандар мен басшылар үшін тарифсіз жүйе қолданылады, разрядаралық / шекті тарифтік коэффициент белгіленбейді.

Ұйымдардағы еңбекке ақы төлеу жүйелері, материалдық көтермелеу нысандары, сыйлықақы мен үстемеақы түрлері, тарифтік ставкалар (айлық ақылар) мөлшері Ұжымдық шартта және Ұйымның ішкі құжаттарында (Жұмыс берушінің актілерінде) белгіленеді және бекітіледі.

13. Жұмыскердің айлық жалақысының ең төменгі мөлшері немесе айлық тарифтік ставкасының мөлшері мына формула бойынша анықталады:

Айлық = Ең төм. тариф. мөлшерл-е \* К ртк.,

Бұл жерде: Айлық – ай сайынғы тарифтік мөлшерлеме.

Ең төм. тариф. мөлшерл-е теңге – Ұйым белгілеген 1-разрядтың ең төменгі тарифтік ставкасы.

К ртк. – Ұйымның тарифтік жүйесіне сәйкес разрядаралық тарифтік коэффициент.

14. Салалық кәсіпорындарда ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмысшылардың бірінші (ең төменгі) разряды үшін ең төменгі айлық мөлшерлемені жұмыс беруші арттырушы салалық коэффициентіне көбейтілген 1 разрядтағы салалық ең төменгі тарифтік мөлшерлеме көлемінде белгілейді.

Арттырушы салалық коэффициент ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін бірінші (ең төменгі) разряд үшін ең төменгі айлық тарифтік мөлшерлемені есептеу үшін қолданылады және келесі формула бойынша анықталады:

Айлық АЗҚЕЖ = Ең төм. тариф. мөлшерл-е \* АСК \* К ртк.,

Бұл жерде: Айлық АЗҚЕЖ – ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін Жұмыскердің айлық жалақысының көлемі.

Ең төм. тариф. мөлшерл-е теңге – Ұйым белгілеген 1-разрядтың ең төменгі тарифтік мөлшерлемесі.

АСК - арттырушы салалық коэффициент.

К ртк. –Ұйымның тарифтік жүйесіне сәйкес разрядаралық тарифтік коэффициент.

Ұжымдық шартта салалық коэффициенттің неғұрлым жоғары мөлшері белгіленуі мүмкін.

15. Жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптары және белгілі бір жұмыс түрлерінің күрделілігі кәсіби стандарттар негізінде, ал олар болмаған жағдайда - Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығының негізінде, Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы, жұмысшылар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары және ұйымдардың басшылары, мамандары және басқа да Жұмыскерлері лауазымдарының типтік біліктілік мінездемелеріне сәйкес белгіленеді

16. Егер бұл ұжымдық шартта немесе Жұмыс берушінің актілерінде қарастырылған болса, олардың атынан ұжымдық шарт жасалған Ұйымның Жұмыскерлеріне еңбек өтілі үшін сыйақы төленуі мүмкін. Сыйақыны төлеудің тәртібі мен мөлшері ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актілерінде, осы бапта шығындар бекітілген бюджетте және Ұйымда қаражаттың болуына байланысты анықталады.

17. Кәсіби шеберлігі үшін сыйлықақылар, ұжымды (ауысымды) басқарғаны үшін сыйлықақы, құрылымдық бөлімшелер басшыларының, мамандар мен Жұмыскерлердің жалақысына жеке үстеме ақылар ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актілерінде белгіленген тәртіппен және шарттармен белгіленеді.

18 Ұсынылған редакцияда:

- *Кәсіподақтың:* «Үстеме жұмыстарға (уақыттық және келісімді жалақы төленетін жағдайда), мереке және демалыс күндеріндегі, түнгі жұмысқа ақыны Жұмыс беруші еңбек немесе ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес, ал олар болмаған кезде Жұмыс берушінің актісімен жоғарылатылған мөлшерде, бірақ Жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесін негізге ала отырып екі еседен төмен болмайтын мөлшерде төлейді.»

- *Жұмыс берушінің:* Үстеме жұмыстарға (уақыттық және келісімді жалақы төленетін жағдайда) ақыны Жұмыс беруші еңбек немесе ұжымдық шарттың және (немесе) жұмыс берушінің актісінің талаптарына сәйкес, бірақ Жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесін негізге ала отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде төлейді.

Келісімді жалақы төленген жағдайда, үстеме уақыттағы жұмыс үшін қосымша ақы Жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесінің кемінде елу пайызынан кем емес мөлшерде төленеді. Мереке және демалыс күндеріндегі, түнгі жұмыс үшін ақыны Жұмыс беруші еңбек немесе ұжымдық шарттың және (немесе) жұмыс берушінің актісінің талаптарына сәйкес, бірақ Жұмыскердің тәуліктік (сағаттық) мөлшерлемесін негізге ала отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде төлейді. »

*Ескертпе: Кәсіподақ пен Жұмыс беруші арасындағы Келіспеушіліктер хаттамасын ескере отырып, Келісімнің осы ережесі белгіленген тәртіппен шешім қабылданғанға дейін заңды күшке ие бола алмайды.*

19. Емтихандар тапсыру, дипломдық жобаны (жұмысты) дайындау және қорғау, ұйымның бағыты бойынша білім беру ұйымдарында оқитын Ұйым Жұмыскерлеріне қорытынды емтихан тапсыру кезеңіндегі еңбек демалысына еңбекақы Жұмыскердің орташа жалақысына сәйкес төленеді.

20. Жұмыскерлерге жалақының сыйлықақылық бөлігі (айлық, тоқсандық жұмыс нәтижелері бойынша ағымдық сыйлықақы) ұжымдық шартқа немесе жұмыс берушінің актілеріне сәйкес Ұйымның бюджетінде бекітілген жалақы қоры шегінде белгіленген шарттар мен көрсеткіштерді орындағаны үшін есептеледі.

21. Жұмысшылар жалақысының сыйлықақылық бөлігінің деңгейі пайызбен анықталады:

- келісімді еңбекақы түрі бойынша жұмыс істейтін жұмысшылар үшін келісімді бөлігінен;

- Жұмыскерлерге жалақының мерзімді түрі бойынша бөлінетін сыйақы түрінен (тариф, жалақы).

22. Жұмыскерлерге жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша сыйақы, егер қаражат болса, ұжымдық шартқа немесе Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес төленуі мүмкін.

## **6. Кадрлық әлеуетті дамыту**

1. Ұйым Жұмыскерлерінің кадрлық әлеуетін дамыту мақсатында Жұмыс беруші өндірістік қажеттілікті ескере отырып, Ұйымның қаржылық қаражаты есебінен кадрлардың біліктілігін арттыруды және кәсіптік қайта даярлауды көздейтін персоналды оқыту жүйесін ұйымдастырады.

2. Жаңа Жұмыскерлерді тікелей өндірісте даярлау кезінде теориялық сабақтар мен өндірістік оқу Ұйымның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жастары, мамандықтары мен өндірістері сәйкес келетін Жұмыскерлер үшін жүргізіледі.

3. Өндірістегі кәсіптік оқу аяқталған соң Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірінғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірінғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына сәйкес мамандығы бойынша жұмысшыға біліктілік (разряд, класс, санат және т.б.) беріледі және алған біліктілігіне (разряд, класс, санат және т.б.) сәйкес жұмыс беріледі.

4. Өндірісте кәсіптік оқытудан өтіп жатқан немесе оқу орындарында өндірістен қол үзбей оқып жатқан Жұмыскерлерге Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ұжымдық шартқа сәйкес жұмысты оқумен қатар алып жүру үшін қажетті жағдай жасауға міндетті.

5. Біліктілік разрядтарын көтерген кезде немесе жұмыс бабында жоғарылаған кезде Жұмыскерлердің өндірістегі кәсіптік оқытуды, жалпы білім

беретін және кәсіптік даярлықты ойдағыдай өткені, сондай-ақ олардың жоғары немесе орта кәсіптік білімі ескерілуі тиіс.

6. Жұмыс беруші мен кәсіподақ ұйымдарына Ұйымда жас кадрларды орнықтыру, олардың кәсіптік шеберліктерін арттыру және өндірістік проблемаларды шешуде шығармашылық белсенділігін дамыту, мәдени дамуы мен бос уақытын, жас Жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуын жақсарту мақсатында тиісті іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру ұсынылады..

## **7. Гендерлік саясат**

Жұмыс беруші міндеттеледі:

1. Еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істейтін әйелдерге қажет болған жағдайда және бос орындар болса, басқа мамандық таңдау мүмкіндігін беруге;

2. Жұмыс беруші жүкті әйелдердің, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар (ұл, қыз асырап алушы) ата-аналардың бірінің жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс уақытын белгілейді.

Өзге жағдайларда толық емес жұмыс уақыты Тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

3. Үнемі еңбек жағдайларын, әйелдердің еңбегі, тұрмысы мен демалысын жақсарту бойынша жұмыстарды жүргізіп отыруға.

## **8. Жастар саясаты.**

### **Жас жұмыскерлерге әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер**

1. Жас маман - жиырма тоғыз жасқа толмаған, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламаларын меңгерген және білімі туралы құжатта көрсетілген мамандық бойынша үш жылдан артық емес жұмыс істеген Қазақстан Республикасының азаматы.

2. Тараптар төмендегілерді Ұйымдағы жасар саясатының бірлескен жұмысының басым бағыттары деп санайды:

- жастармен оқу орындарында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу және жас Жұмыскерлерді Ұйымда орнықтыру;

- олардың кәсіби біліктіліктерін арттыруға және қызмет бабында өсуіне көмектесу;

- жастардың шығармашылық белсенділігін дамыту;

- құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;

- жастардың бос уақытын, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмысты жандандыру және қолдау.

Осы мақсатта Ұйымның жұмыс берушілері мен кәсіподақтарына жастар үшін кешенді бағдарламалар әзірлеу және іске асыру ұсынылады.

3. Ұйымның Жұмыс берушілері:

1) Ұйымның жолдамасымен өндірістен қол үзбей оқитын жұмысшыларға жұмысшының орташа жалақысы бойынша төленетін оқу демалысын, егер бұл ұжымдық шарттарда көзделсе, басқа да жеңілдіктер береді;

2) жас Жұмыскерлерге сомасы және қаражаттың мақсатты пайдаланылуы ұжымдық шартпен немесе Кәсіподақпен келісілген Ұйымның ішкі құжаттарымен анықталатын материалдық көмек көрсетуге және қарыз (несие) беруге қаражат қарастырады;

3) жас Жұмыскерлерге Кәсіподақпен келісім бойынша Ұйымға қажетті мамандықтар бойынша егер бұл ұжымдық шарттарда көзделген болса, ұйымның қаражаты есебінен жоғары және арнаулы оқу орындарына оқуға жіберуге басым құқық береді;

4) Басқа қалалық жас мамандарға еңбек шартын жасасқан кезде және ұжымдық шартқа сәйкес орналасуға Ұйымның ішкі құжатының негізінде 10 минималды жалақыдан кем емес мөлшерде біржолғы материалдық көмек төленуі мүмкін.

4. Жұмыс беруші жастарды Ұйымға тарту және Кәсіподақтың пікірін есепке ала отырып және қаржылай мүмкіндік болған жағдайда бастауыш, орта, жоғары кәсіптік білім беретін оқу орындарында жас мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында:

- оқу ұйымдарына пайдаланылмайтын өндірістік қуат пен жабдықты өтеусіз береді;

- арнайы пәндердің оқытушыларын өндірісте тағылымдамадан өткізеді;

- жақсы оқитын оқушылар мен студенттерге атаулы стипендиялар белгілейді;

- оқушылар мен студенттерді өндірістік практикаға қабылдайды және олардың ішінен еңбек қатынасы рәсімделгендеріне жұмыс уақытына ақы төлейді.

5. Тараптарға Ұйымда «Мамандық бойынша ең үздік жас жұмыскер», «Үздік жас маман» атағын алу үшін кәсіби шеберліктің республикалық байқауларын өткізу ұсынылады.

6. Ұжымдық келісімдер мен келісімдер жасасу кезінде Тараптар жас жұмысшылардың әлеуметтік, еңбек және олармен байланысты экономикалық құқықтарын қорғау туралы бөлімдер ұсынуға шақырылады:

- жастар арасында басшылық лауазымға резерв қалыптастыру және даярлау;

- жас жұмысшыларға өндірістік кәсіпорындарда жұмыс істеудің алғашқы жылында тәлімгерлер тағайындау, ұжымдық келісім-шартта айқындалған шарттармен жастармен жұмыс істеу үшін тәлімгерлерге қосымша төлемдер белгілеу;

- жұмысқа алғаш келген жас жұмысшыларды әлеуметтік қолдау шараларын бекіту.

7. Тараптарға жас жұмысшыларды қолдау үшін еңбекақы төлеу ережелерінде ынталандыру тетіктерін ұсыну ұсынылады, әсіресе жұмыстың алғашқы үш жылында.



## 9. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу

1. Жұмыс беруші Жұмыскерлер өкілдерінің қатысуымен Жұмыскерлердің босатылуын болжау бойынша жұмыстар жүргізеді. Өндіріс көлемін уақытша төмендету кезінде жұмысшылардың жаппай босатылуын болдырмау үшін, жұмыс берушілер жұмысшылардың өкілдерімен бірге тиісті шараларды әзірлеуге шақырады.

2. Ұйымды тарату, Жұмыскерлердің санын немесе штатын қысқарту және болуы мүмкін Жұмыскерлермен жасалған шарттарды бұзу туралы шешім қабылдаған кезде Жұмыс беруші:

- босатылуы тиіс Жұмыскерлердің кандидатураларына іріктеу жүргізеді, сондай-ақ Еңбек кодексінде көзделген кепілдіктерді есепке ала отырып, жұмыста қалдыруға басым құқықты іске асырады;

- әр Жұмыскерді жұмыстан босату жөнінде (қысқарту күні басталғанға дейін 1 (бір) айдан кешіктірмей) ескереді;

3. Жұмыс беруші Жұмыскерлердің төмендегі санаттарымен штаттың (санының) қысқартылуы бойынша:

- 3 жасқа дейінгі балалары бар Жұмыскер әйелдермен;

- жүкті әйелдермен;

- 14 жасқа дейінгі балалары бар жалғыз басты аналармен;

- 18 жасқа дейінгі мүгедек балалары бар Жұмыскерлермен;

- Ұйымда жұмыс кезінде еңбек жарақатын, кәсіби ауру алған адамдармен;

- «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы»

Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толуға екі жылдан аз қалған Жұмыскерлермен жұмыс берушілер мен Жұмыскерлердің тең өкілдерінен құрылған комиссияның оң шешімінсіз еңбек шартын бұзбайды.

- 14 жасқа дейінгі балалары бар жалғыз басты аналармен (әкелермен);

- көп балалы аналармен (әкелермен) еңбек шартын бұзбайды.

4. Ұйым Жұмыскерлерінің санын немесе штатын қысқартқан кезде Жұмыскерлерді жаппай жұмыстан босатудың критерийі жұмыс істейтіндердің жалпы санынан 10 пайыз көп мөлшерде Жұмыскерлерді жұмыстан шығару болып табылады.

5. Жұмыс беруші Ұйымның қаржылық мүмкіндіктеріне сүйеніп, Кәсіподақтың тиісті органының қатысуымен әлеуметтік қолдау қорын құра алады, оның есебінен:

- Ұйымның барлық жұмыстан босатылатын Жұмыскерлеріне және бірінші кезекте екі және одан көп асырауында жан бар болған кезде Жұмыскерлерге, отбасында жеке табыс табатын Жұмыскерлер жоқ адамдарға материалдық көмек көрсетіледі;

- заңнамада белгіленген қызметтен босағанда алатын жәрдемақыдан тыс жұмыстан шығарылған кезде өтемақы төленеді.

6. Жұмыс беруші Кәсіподақ органдарымен бірлесіп техникалық қайта жарақтандыруға және Ұйымды дамытуға сәйкес, өзінің қаржылық жағдайын есепке алып, жұмыстан босатылатын Жұмыскерлер мен жұмыссыздарды

кәсіби даярлау және қайта оқыту үшін жағдай жасайды, тиісті оқу жоспарлары мен бағдарламалар әзірлеуді жүзеге асырады.

7. Егер Жұмыскерлерді алдағы босату туралы ескерту кезеңінде тұтастай Ұйым бойынша Жұмыскерлердің еңбек ақысының көлемі өседі, бұл өсу жұмыстан босатылатын Жұмыскерлерге қатысты болады.

8. Жұмыстан босатылатын Жұмыскерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгеннен төмен емес көлемде жеңілдіктер мен өтемақылар беріледі.

Ұйымда 10 және одан көп жыл жұмыс істеген Жұмыскерлерге қызметтен босаған кезде алатын жәрдемақы жоғары мөлшерде төленуі мүмкін. Қызметтен босаған кезде алатын жәрдемақының көлемі ұжымдық шартта белгіленеді.

9. Жұмыс беруші кәсіптік білім беру мекемелерін бітірушілерді жұмысқа орналастыру және оларды жұмыс орындарына орнықтыру бойынша іс-шаралар өткізеді.

10. Жұмыс беруші кадрларды кәсіби даярлауды ұйымдастыру бойынша шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

## 10. Еңбекті қорғау

1. Жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында жұмыс беруші мен кәсіподақтар (болған жағдайда) қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту, өндірістік жарақат пен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша бірлескен іс-шараларды қарастырады, жұмыс орындарындағы қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың жай-күйіне ішкі және қоғамдық бақылауды ұйымдастырады.

2. Әр кәсіпорындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау шаралары ұжымдық шарттың тиісті бөлімінде рәсімделеді.

3. Мүгедектікке немесе өлімге әкеп соққан жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулар, зардап шеккен Жұмыскер немесе оған құқығы бар адамдар болған кезде жұмыс беруші ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актілерінде белгіленген мөлшерде және тәртіппен, бірақ орташа айлық кірістен үш есе көп біржолғы біржолғы өтемақы төлейді.

4. Жұмыс беруші жерлеу рәсімдерін ұйымдастыруға және төлеуге, өндірістегі жазатайым оқиғадан қайтыс болған жұмысшыны жерлеуді ұжымдық келісім-шартта белгіленген мерзімде жүзеге асырады.

5. Өндірістік нысандарды жұмыс жағдайында аттестаттау нәтижелері және аттестаттау комиссиясының қорытындылары еңбек жағдайларын жақсарту, жалақыны негіздеу және зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмысшыларға жеңілдіктер мен өтемақылар беру шараларын әзірлеу үшін қолданылады.

6. Жұмыс беруші еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға ішкі бақылау функцияларын орындау үшін қажетті жағдайларды жасайды, оларға міндеттерін орындауға уақыт береді және ынталандыру шараларын ұсынады.

7. Жұмыс беруші Жұмыскерге кәсіптік ауру анықталған кезде және растайтын құжаттар болған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес медициналық тексеруді (медициналық мекеменің жолдамасы бойынша) өткізуге жұмсалған шығындарды өтейді.

8. Жұмыскермен белгілі бір мерзімге еңбек шарты жасалған жұмыс кезінде жазатайым оқиға болған жағдайда, және егер мұндай еңбек шартының қолданылу мерзімі жазатайым оқиғадан зардап шеккен Жұмыскердің жұмысына уақытша жарамсыздық кезеңінде аяқталатын болса, жұмыс беруші мен Жұмыскер арналған еңбек шартының мерзімнің бір жылға ұзартылуын қарастырады.

9. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кеңесті құру және қызмет ету тәртібі осы Келісімнің 4-қосымшасына сәйкес айқындалады.

10. Жұмыс беруші салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын, тиісті санитарлық жағдайларды, дүкендер мен бөлімдердегі температураны қолданыстағы санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес қамтамасыз етеді.

11. Жұмыс беруші жаңадан жұмысқа қабылданған жұмысшыларды хабардар етеді, сондай-ақ жұмыс орнындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау туралы, денсаулыққа зиян келтіретін қауіптер туралы, сондай-ақ зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғау шаралары, қажетті жеке қорғаныс құралдары туралы шынайы ақпарат береді.

12. Еңбек жағдайларының шынайы сипаттамалары, қиын, зиянды және (немесе) қауіпті жағдайларда жұмыс істегені үшін Жұмыскерлерге берілетін өтемақылар мен жеңілдіктер тізімі Жұмыскерлермен жасалған еңбек шарттарында (келісімшарттарда) көрсетілген.

13. Жұмыс берушілерге кәсіпорындардағы жұмысшылардың өкілдерімен бірге «Еңбекті қорғаудың ең үздік техникалық инспекторы» атағын алу үшін еңбекті қорғау бойынша байқаулар өткізу ұсынылады.

14. Жұмыс беруші тиісті кәсіптердің Жұмыскерлерін мерзімді, ауысым алдындағы (жұмыс кезінде) медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастырады.

Ауысымалды және кезекті (еңбек кезіндегі) медициналық тексерулер Ұйымның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Егер Жұмыскер міндетті медициналық тексеруден жалтарса, сондай-ақ медициналық қарсы көрсетілім болса, Жұмыс беруші Жұмыскерге өзінің еңбек міндеттерін орындауға рұқсат бермейді.

15. Сүт немесе басқа да емдік және алдын-алу тамақтану өнімдері Жұмыскерге, осы жұмыс орнында нақты жұмыс істеген күндері үшін оның ұзақтығына қарамастан беріледі.

16. Жұмыс жағдайларына, белгіленген жұмыс режиміне және демалыс режиміне қойылатын талаптарды бұзған, қажетті жеке қорғаныс құралдарымен қамтылмаған жағдайда Жұмыскер анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін жұмысты орындаудан бас тартуға құқылы.

Қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтылмауына байланысты жұмысты орындаудан бас тарту тәртіптік жазаны қолдануға негіз бола алмайды.

Белгіленген жұмыс және тынығу режимдерінен ауытқулар авариялық қалпына келтіру жұмыстары кезінде және кәсіпорынның қалыпты жұмысын

қамтамасыз етуге байланысты басқа да шұғыл жұмыстарға қолданылмайды және тиісті нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

17. Егер қауіпсіз еңбек жағдайлары қамтамасыз етілмесе, жұмысқа Еңбекті қорғау ережелерінің орын алған бұзушылықтары жойылғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

18. Жұмыс берушінің және (немесе) жұмысшылардың немесе олардың өкілдерінің бастамасы бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылады. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесті құру және оның жұмыс тәртібі осы Келісімнің 5-қосымшасына сәйкес айқындалады.

19. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес Жұмыс берушілер мен Жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақат пен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастырады, сондай-ақ жұмыс орындарындағы техникалық еңбек инспекторларының жұмыс орындарындағы еңбек жағдайын және еңбекті қорғауды тексеруін ұйымдастырады.

20. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды жұмыстан шығаруға, егер Кәсіподақ органымен келісім бойынша (егер ұйымда болса) еңбек шартын бұзудың жалпы тәртібі сақталған жағдайда рұқсат етіледі.

21. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың функцияларын орындайтын Жұмыскерге ынталандыру мақсатында ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актісінде айқындалған мөлшерде қосымша ақы және / немесе басқа да ынталандыру нысандары төленеді.

## **11. Әлеуметтік кепілдіктер, жеңілдіктер және өтемақылар**

1. Жұмыс беруші ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін Жұмыскерге ұжымдық шартта көзделген мөлшерде және тәртіпте уақытша еңбекке жарамсыздығы үшін ай сайынғы үстеме ақы белгілейді.

2. Жұмыс беруші кәсіподаққа (егер ұйымда болса) әлеуметтік маңызды (мәдени және дене шынықтыру-сауықтыру) іс-шараларға ұжымдық шартта белгіленген мөлшерде қаражат бөледі.

3. Егер ұжымдық шарттың мерзімі аяқталса және Тараптардың бірі жаңа келісім жасасуға ұсыныс білдірсе, ұжымдық шарттың әрекеті, бір жылдан аспайтын уақытқа, жаңа ұжымдық шарт жасалғанға дейін жалғасады.

4. Жұмыс беруші ұжымдық шартта және жұмыс берушінің актісінде көрсетілген мөлшерде Жұмыскерлерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ведомстволық наградаларын тапсырған кезде біржолғы сыйақы төлейді.

5. Жұмыс беруші Жұмыскерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, сондай-ақ ұжымдық шарттың талаптарында көзделген болса, қосымша ақы төленетін демалыс береді.

6. Жұмыс беруші балалар үйінен немесе оқуын аяқтағаннан кейін жетім балаларға ұжымдық шартқа немесе Жұмыс берушінің актісіне сәйкес, қаржылық мүмкіндік болған жағдайда материалдық көмек көрсетеді.

7. Баланың дүниеге келуіне байланысты материалдық көмек көрсету тәртібі мен мөлшері ұжымдық шартта айқындалады.

8. Жұмыс беруші қаржылық мүмкіндік болған жағдайда тұрғын үй құрылысының қатысушылары болып табылатын жұмысшыларға тұрғын үйді жалдау ақысын ұжымдық шартта белгіленген шарттар мен тәртіп бойынша төлеу үшін материалдық көмек көрсетеді.

9. Жұмыс беруші балалары бар аз қамтамасыз етілген отбасыларына мектепке дайындалуға материалдық көмек көрсетуге құқылы. Материалдық көмектің шарттары мен мөлшері Ұйымның ішкі құжаттарымен белгіленеді. Бұл ереже өндірістегі жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған Жұмыскерлердің балаларына қолданылады.

10. Жұмыс беруші «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнетке шығу жасына байланысты жұмыстан босатылған Жұмыскерлерге біржолғы жәрдемақы төлейді. Жәрдемақы мөлшері мен төлеу тәртібі ұжымдық шартта, ал ол болмаған жағдайда жұмыс берушінің актісінде белгіленеді.

11. Жұмыс беруші жұмысшыларды жерлеу үшін қаржылық көмек көрсетеді. Төлем мөлшері мен тәртібі ұжымдық шартта айқындалады.

Осы тармақтың күші кәсіпорынның бұрынғы жұмыскерлерінің қатарындағы зейнеткерлерге қатысты қолданылуы мүмкін.

12. Жұмыс берушілерге лайықты демалыста (зейнеткерлік жасқа жеткен жағдайда) зейнетке шығуына байланысты Жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған кезде адал жұмыс үшін біржолғы ынталандыруды төлеу ұсынылады, Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған кезде, сондай-ақ кәсіпорында одан әрі жұмыс істеу мүмкіндігін жоққа шығаратын I және II мүгедектік тобының тағайындалуына байланысты еңбек шарты тоқтатылған кезде, ол кәсіпорында жұмыс өтілі үшін келесі мөлшерде төленеді:

- 15-тен – 20 жылға дейін - 2 айлық лауазымдық айлықақыдан/ айлық тарифтік ставкадан кем емес;

- 20-дан – 25 жылға дейін - 2,5 айлық лауазымдық айлықақыдан/ айлық тарифтік ставкадан кем емес;

- 25-тен- 30 жылға дейін – 3 айлық лауазымдық айлықақыдан/ айлық тарифтік ставкадан кем емес;

- 30-дан – 35 жылға дейін - 3,5 айлық лауазымдық айлықақыдан/ айлық тарифтік ставкадан кем емес;

- 40 жылдан артық - 4 айлық лауазымдық айлықақыдан/ айлық тарифтік ставкадан кем емес.

13. Жұмыс беруші ағымдағы спорттық, мәдени-көпшілік іс-шараларды қаржыландыруды, балалар мекемелеріне (мектеп, бала бақша, балалар үйі, спорт клубы және басқалары) шефтік көмек көрсету, мұқтаж Жұмыскерлерге материалдық көмек көрсету, Жұмыскерлерді шипажайлық-курорттық емделуге және сауықтыруға, осы мақсат үшін бастауыш кәсіподақ ұйымының

есепшотына Ұйымның еңбекке ақы төлеу қорынан кемінде 1% (бір пайыз) мөлшерінде ай сайын аударымдарды көздей отырып жолдамалармен қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

14. Жұмыс берушіге қаржылық мүмкіндік болған жағдайда Жұмыскердің орташа жалақысы бойынша еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша еңбек демалысын жылына 30 күннен (240 жұмыс сағатынан) аспайтын, қалғанын Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұжымдық шартқа сәйкес төлеу ұсынылады.

15. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Бас және осы Келісімдерде көзделмеген қосымша кепілдіктер ұжымдық шартта анықталады.

## **12. Жұмыс берушінің кәсіподақ қызметінің жүзеге асырылуы үшін жағдайлар жасау бойынша міндеттемелері**

1. Жұмыс беруші кәсіподақтарға, олардың кәсіподақ органдарына (олар болған жағдайда) ұжымдық шартта көзделген жағдайларда немесе Тараптардың жазбаша келісіміне сәйкес келесілермен қамтамасыз етеді:

– үй-жайлар, көлік құралдары, ішкі, желілік және қалааралық байланыс құралдары, оргтехникамен;

– ішкі телерадио хабарларын және теледидарды, көп тиражды басып шығаруды пайдалану мүмкіндігімен;

– жиналыстарға, конференцияларға және басқа да кәсіподақтық шараларға арналған үй-жайлармен.

Жұмыс беруші ақпараттық материалдарды орналастыруда кәсіпорындағы кәсіподақ қызметіне кедергі келтірмейді.

Ұжымдық шартта кәсіподақтың қызметін жақсартатын өзге де жағдайлар көзделуі мүмкін.

2. Жұмыс беруші кәсіпорындағы еңбек құқығын, кәсіподақтың жұмыстан босатылған сайланған және жалданған жұмысшыларына ұжымдық шартта белгіленген тәртіппен кепілдіктер, жеңілдіктер, сыйлықақы жүйелері мен ынталандыру төлемдерін қолдануға құқылы.

3. Егер кәсіподаққа кіретін жұмысшылардың жазбаша өтініштері болса, Жұмыс беруші кәсіподақ жарғысына сәйкес кәсіподақтың есепшотына Жұмыскерлердің жалақысынан барлық айлық аударымдарды аударады.

4. Жұмыс беруші негізгі жұмысынан босатылмаған сайланған кәсіподақ органдарының мүшелеріне өз міндеттерін орындау үшін уақыт береді. Кәсіподақ органдарының басқа мүшелері, еңбек қауіпсіздігі жөніндегі инспекторлар және кәсіподақ өкілдерінің еңбек қауіпсіздігі және Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесте негізгі жұмыстан босатудың шарттары және кәсіподақ өкілдерінің еңбекақы төлеу тәртібі ұжымдық шартта айқындалады. Кәсіподақтың сайланған органдарының жұмысына кәсіподақтар шақыратын съезге, конференцияға делегат ретінде қатысу үшін, немесе қысқа мерзімді кәсіподақтың оқуына қатысу үшін жұмыс беруші жалақыны сақтай отырып, шараның барлық қатысушыларын жұмыстан толықтай босатады.

5. Негізгі жұмысынан босатылмаған сайланған кәсіподақ органдарының мүшелері өздері қатысатын кәсіподақтың келісімсіз тәртіптік жазаға тартылмайды. Негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ басшысы (төрағасы) жоғары тұрған кәсіподақпен келісімсіз тәртіптік жауапкершілікке тартылмайды.

6. Кәсіподақ жалға алған ұйымдарды, ғимараттарды, құрылыстарды, үй-жайларды және басқа да объектілерді, сондай-ақ ұжымдық шарт бойынша Жұмыскерлер мен олардың отбасылары мүшелерімен бос уақытты ұйымдастыруға, мәдени-ағартушылық, дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарын жүргізуге қажетті демалыс орталықтарын, спорттық-сауықтыру орталықтарын кәсіподақ пайдалануына бере алады.

7. Кәсіподақ жұмысын жүргізу, еңбек туралы заңнаманың, еңбекті қорғау жөніндегі қағидалардың сақталуын, Ұжымдық шарттың, Келісімнің орындалуын, Жұмыскерлерге тұрғын үй-тұрмыстық қызмет көрсетілуін бақылауды жүзеге асыру үшін Ұйымдағы кәсіподақ органдарының мүшелері, жоғары тұрған кәсіподақ органдарының өкілдері:

- Ұйымдағы цехтарға, бөлімдерге, шеберханаларға, басқа да жұмыс орындарына кедергісіз баруға және көруге;

- Ұйымның сауда және қоғамдық тамақтану бөлімшелерінің, емханаларының (денсаулық пунктерінің), мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, жатақханалардың, қызмет көрсетуші Жұмыскерлерінің жұмысын тексеруге құқылы.

8. Кәсіподақтың жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін Жұмыс беруші кәсіподақ органына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын ақпаратты қоспағанда, кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғауға байланысты мәселелер туралы ақпараттарды ұсынады.

9. Келісімнің әрекеті қолданылатын Ұйымдар арасында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша республикалық салалық байқаулар, кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру үшін, кәсіподақты қаржылай қолдау мақсатында, ай сайын жалақы қорынан Кәсіподақтың орталық кеңесінің (ұйымда кәсіподақ болған жағдайда) шотына 0,2% аударады. Бұл қаражат Жұмыс беруші мен Кәсіподақтың бірлескен шешіміне сәйкес пайдаланылады.

10. Жұмыс беруші ұйым жұмыскерлерінің әлеуметтік және еңбек мүдделеріне әсер ететін және олардың өндірістік қызметінің нәтижелеріне қатысты мәселелерді талқылай отырып, құрылымдық бөлімшелер басшылары деңгейіндегі басқарма жиналыстарына жұмыскерлер өкілдерінің кеңесші дауыс беру құқығымен қатысуын қамтамасыз етеді.

11. Негізгі жұмысынан босатылмаған Кәсіподақ органдарының мүшелері, еңбек қауіпсіздігі жөніндегі техникалық инспекторлар, Ұйымдарда құрылған Еңбек және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі кеңестердегі кәсіподақ өкілдері кәсіподақ міндеттерін еңбек ұжымының мүдделері үшін, сондай-ақ кәсіподақтардың қысқа мерзімді оқу мерзімінде орындау мақсатында негізгі жұмыстарынан орташа жалақысы сақтала отырып босатылады.

12. Кәсіподақ органдарына сайланбалы лауазымға сайлануы (ұсынылуы) себепті Ұйымдағы жұмыстан босатылған кәсіподақ Жұмыскерлеріне олардың

өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін бұрынғы жұмысы (лауазымы), ал ол болмаған жағдайда – сол ұйымнан немесе Жұмыскердің келісімімен басқа Ұйымнан өзінің бұрынғы жұмысымен (лауазымымен) бірдей жұмыс ұсынылады.

13. Егер Ұйым, Жұмыс беруші немесе оның құқықтық мирасқоры қайта ұйымдастырылған жағдайда, бұрынғы жұмыс орнында тиісті жұмыс (лауазым) ұсыну мүмкін болмаса және Ұйым таратылған жағдайда, Кәсіподақтың босатылған қызметкері үшін орташа жалақысын бірақ үш айдан аспайтын уақытқа еңбекке орналасу кезеңінде сақтайды.

14. Жұмыстан босатылған, кәсіподақ органдарына сайланған (өкілеттелген) кәсіподақ Жұмыскерлерінің жұмыс уақыты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен олардың жалпы және арнайы еңбек өтіліне есептеледі.

15. Жұмыстан босатылған (штаттық) кәсіподақ Жұмыскерлерінің, бастауыш Кәсіподақ ұйымының органына сайланғандар (ұсынылғандар) ұжымдық шартқа сәйкес Ұйымның басқа Жұмыскерлері сияқты әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді пайдаланады.

16. Кәсіподақ органдарына сайланған Жұмыскерлердің Жұмыс берушісінің бастамасы бойынша, олардың өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін екі жыл ішінде, Ұйымның толық жойылу жағдайларын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында кінәлі әрекеттерді жасаған Жұмыскерді жұмыстан босату мүмкіндігі қарастырылған жағдайларды қоспағанда, қызметінен босатуға жол берілмейді.

### **13. Келісімнің орындалуын бақылау және жауапкершілік**

1. Тараптар осы Келісімнің орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

2. Шарттың орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны анықталған жағдайда, Тараптарға жазбаша ұсыныстар жіберіледі. Тараптар осындай ұсыныстарды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, мәселенің мәні бойынша өзара консультациялар өткізуге міндетті. Өзара консультациялар кезінде қабылданған шешімдер жазбаша түрде ресімделеді және барлық Тараптар үшін міндетті болып табылады. Егер Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмесе, келіспеушіліктер туралы хаттама жасалады, содан кейін даулы мәселелер қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешіледі.

3. Осы Келісімді іске асыру барысында туындайтын барлық даулы мәселелер әлеуметтік әріптестік және машина жасау және қорғаныс өнеркәсібіндегі әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиялардың отырыстарында, ал келіспеушіліктер туындаған жағдайда - сот тәртібімен шешіледі.

Әлеуметтік әріптестік және машина жасау және қорғаныс өнеркәсібіндегі әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиялардың отырыстары қажет болған жағдайда, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі.

4. Осы Келісім бірдей заңды күші бар үш данада жасалды және қол қойылды.



5. Келісімге мына қосымшалар қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

1-қосымша - Келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеуге және қабылдауға қатысу үшін бақылаушылар тобын құру, оның құзыреті және қызметі туралы ереже;

2-қосымша - Ұжымдық еңбек дауларын болдырмау және шешу жөніндегі Кеңесті құру және оның қызметі туралы ереже;

3-қосымша - Кадрлық әлеует пен біліктілікті дамыту жөніндегі үйлестіру орталығын құру және оның қызметі туралы ереже.

4-қосымша - Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кеңесті құру және оның қызметі туралы ереже;

5-қосымша - Машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша өндірістік кеңес туралы ереже;

6-қосымша - Машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі ұйымдарындағы еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар туралы ереже;

7-қосымша - Салалық біліктілік шеңберін бекіту тәртібі туралы ереже;

8-қосымша - Машина жасау және қорғаныс өнеркәсібіндегі әлеуметтік және еңбек қақтығыстары мен ереуілдердің алдын алу және болдырмау жөніндегі іс-шаралар.

**Қазақстан Республикасы  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму вице-министрі**



**А. Ержанов**

**Қазақстан Республикасы «Атамекен»  
ұлттық кәсіпкерлер палатасы  
Төралқасының  
Адами капиталды дамыту және  
бизнестің әлеуметтік саясаты  
комитетінің төрағасы**



**Т. Доскенов**

**«Қазақстан инжиниринг»  
Ұлттық компаниясы» АҚ  
Басқарма төрағасы**



**Қ. Бишімов**

**«Машина жасаушылар  
салалық кәсіптік одағы»  
қоғамдық бірлестігінің төрағасы**



**Т. Қазанбаев**

2020-2022 жылдарға арналған  
уәкілетті мемлекеттік орган, машина  
жасау және қорғаныс  
өнеркәсібі жұмыскерлері мен жұмыс  
берушілерінің өкілдері  
арасындағы Салалық келісімге  
1-қосымша

## **Келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеуге және қабылдауға қатысу үшін бақылаушылар тобын құру, оның құзыреті және қызметі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Келісімдерді, ұжымдық келісімдерді әзірлеуге және қабылдауға қатысу үшін бақылаушылар тобын құру, құзыреті және қызметі туралы ереже (бұдан әрі - бақылаушылар тобы) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 153-бабы 5-тармағының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Бақылаушылар тобы саладағы әлеуметтік әріптестікті және диалогты дамыту, ұжымдық шарттарды, келісімдерді қабылдау және әзірлеуге қатысу үшін құрылады.

3. Бақылаушылар тобы өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады, және Машина жасау және қорғаныс өнеркәсібіндегі әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу және әлеуметтік әріптестік бойынша Салалық комиссияларының (Салалық комиссия) шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

### **2. Бақылаушылар тобын құру тәртібі**

4. Байқаушылар тобын Салалық комиссиялар әлеуметтік әріптестік тараптарының өкілдері арасынан ерікті негізде құрады.

5. Бақылаушылар тобының сандық және дербес құрамы және оның жетекшісі Салалық комиссиялардың шешімімен (хаттамасымен) бекітіледі.

6. Байқаушылар тобының мүшелері өз қызметін ерікті негізде жүзеге асырады.

### **3. Бақылаушылар тобының құзыреті**

7. Келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеу және қабылдау кезінде заңдылықтың сақталуын бақылайды.

8. Кәсіподақ мүшелері - жұмысшылар үшін қосымша әлеуметтік және еңбек кепілдіктерін жетілдіру және еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізеді.

9. Саладағы әлеуметтік әріптестік пен диалог жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

10. Келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеуге және қабылдауға қатысады.

11. Қажет болған жағдайда әлеуметтік әріптестік тараптарына қосымша ақпарат беруге сұраныс жасайды.

12. Даулы мәселелерді шешуге көмектесетін бітістіруші, ақпараттың бейтарап көзі ретінде әрекет етеді.

13. Келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеу және қабылдау кезіндегі бұзушылықтардың алдын алады.

14. Машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі саласындағы бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды қарауға қатысады.

---

**Ұжымдық еңбек дауларының алдын алу және шешу жөніндегі Кеңесті  
құру және оның қызметі туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Ұжымдық еңбек дауларын алдын алу және шешу жөніндегі Кеңесті (бұдан әрі - Кеңес) құру және оның қызметі туралы ереже Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 153-бабы 5-тармағының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Кеңес – Машина жасау және қорғаныс өнеркәсібіндегі әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу және әлеуметтік әріптестік бойынша Салалық комиссияларының (бұдан әрі - Салалық комиссиялар) алқалық органы болып табылады.

3. Кеңес машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында күрделі еңбек және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін құрылды.

4. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Салалық комиссиялардың шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

5. Кеңес құрамы тепе-теңдік негізінде Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік), «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподақ), «Қазақстанның машина жасаушылар одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің және және «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Жұмыс беруші) өкілдерінен құрылады және салалық комиссиялардың шешімімен бекітіледі. Кеңес мүшелері өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

**2. Кеңестің міндеті**

6. Кеңестің міндеті - Министрлік, Салалық кәсіподақтар және Жұмыс берушілермен бірлесіп ұжымдық еңбек дауларын болдырмау және шешу бойынша тиімді шараларды әзірлеу.

### 3. Кеңестің атқарымдары

7. Кеңестің атқарымдары болып:

- 1) әлеуметтік әріптестіктің мүдделі тараптарының өкілдерін күрделі еңбек және әлеуметтік мәселелер бойынша тыңдау;
- 2) әлеуметтік әріптестік тараптарының ұжымдық шарттар жасасу мәселелері бойынша өтініштерін қарау;
- 3) машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және ұжымдық еңбек дауларын болдырмау үшін қажетті шараларды қабылдау туралы бірлескен ұсыныстарды зерделеу және Салалық комиссияларға енгізу;
- 4) кәсіпорындардағы ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысу табылады.

### 4. Кеңестің құрамы және оның жұмысын ұйымдастыру

8. Кеңес құрамына Кеңес мүшелері болып табылатын төраға, орынбасар, хатшы (дауыс беру құқығы жоқ) және Кеңес мүшелері кіреді.

9. Кеңес төрағасы:

- 1) Кеңес қызметіне жетекшілік етеді;
- 2) Кеңес отырыстарында төрағалық етеді;
- 3) Кеңес отырыстарын өткізу орны, уақыты мен күн тәртібін бекітеді.

10. Кеңес төрағасы болмаған кезде оның атқарымдарын Кеңес Төрағасының орынбасары орындайды.

11. Әлеуметтік әріптестік тараптары Кеңес қызметіне аналитикалық қолдау көрсетеді.

12. Кеңес хатшысы:

- 1) Кеңес отырыстарын өткізуге дайындықты жүзеге асырады, хаттама жасайды және әлеуметтік серіктестік тараптарына таратады;
- 2) Кеңес қабылдаған шешімдердің, Кеңестің, Кеңес төрағасы мен орынбасарының жұмысына қатысты салалық комиссиялардың нұсқауларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мүдделі тұлғаларға Кеңестің шешімдері туралы хабарлайды.

13. Кеңес отырыстары қажеттілікке қарай өткізіледі.

14. Кеңес мүшелері Кеңес отырыстарына бекітілген дербес құрамға сәйкес қатысады, сонымен қатар оған басқа да мүдделі тараптар мен Бұқаралық ақпарат құралдары қатысады.

15. Кеңес отырыстарына тәуелсіз сарапшылар мен мамандар, сондай-ақ құзыретіне Кеңес отырыстарында қаралатын мәселелер кіретін қоғамдық бірлестіктер және үкіметтік емес ұйымдар тартылуы мүмкін.

16. Кеңес мүшелері Кеңес отырыстарына жекелей қатысады.

17. Кеңес мүшелеріне отырыстың өткізілетін орны, уақыты және күн тәртібі туралы жиналыс басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей хабарланады.

18. Кеңес отырысына қатысуға шақырылған адамдар қаралып жатқан мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

19. Кеңестің отырыстары оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып табылады.

20. Кеңестің шешімдері отырысқа қатысқан Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Кеңес Төрағасы немесе оның міндеттерін атқарушы тұлға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

21. Кеңес қабылдаған шешімдер хаттамамен ресімделеді және кеңес берушілік сипатта болады. Кеңес отырыстарының хаттамаларын, баяндамаларын, қорытындыларын, есептерін Кеңес төрағасы бекітеді.

---

**Кадрлық әлеует пен біліктілікті дамыту жөніндегі үйлестіру орталығын  
құру және оның қызметі туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Кадрлық әлеует пен біліктілікті дамыту жөніндегі үйлестіру орталығын (бұдан әрі - Орталық) құру және оның қызметі туралы ереже Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 153-бабы 5-тармағының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Орталық - «Қазақстанның машина жасаушылар одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің консультативтік-кеңесші органы (ЗТБ) болып табылады.

3. Орталықтың мақсаты адами ресурстарды дамыту саласындағы саясатты іске асыру және машина жасау және қорғаныс өнеркәсібін ұлттық деңгейде білікті кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіру болып табылады.

4. Орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ЗТБ шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

**2. Орталықтың негізгі міндеттері мен құқықтары**

5. Орталықтың негізгі міндеттері болып келесілер бойынша ұсыныстар әзірлеу:

1) машина жасау және қорғаныс өнеркәсібінде білікті кадрларды даярлау және қайта даярлау саясатын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

2) машина жасау және қорғаныс өнеркәсібінде техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) ұлттық біліктілік жүйесін дамыту;

4) машина жасау және қорғаныс өнеркәсібін білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін қолайлы құқықтық және инвестициялық жағдайлар жасау;

5) жұмыс берушілердің кадрларды даярлау мен қайта даярлауға, кәсіби стандарттарды әзірлеуге, мамандардың біліктілігін бағалауға қатысуын қамтамасыз ету;

6) машина жасау және қорғаныс өнеркәсібінде білікті кадрларға еңбек нарығының қажеттілігін жоспарлау және болжау;

7) кадрларды оқыту сапасын арттыру;

8) техникалық және кәсіптік білім беруді басқару мен қаржыландыру жүйесін, сондай-ақ оның құрылымы мен мазмұнын жетілдіру;

6. Өзінің міндеттеріне сәйкес Орталық:

1) кадрларды даярлау және қайта даярлау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша ЗТБ-ға ол оларды өз тарапынан Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына жолдауы үшін ұсыныстар енгізеді;

2) машина жасау және қорғаныс өнеркәсібін білікті кадрлармен қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлейді;

3) Орталықтың отырыстарына Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының, сараптамалық және жұмыс топтарының және басқа мүдделі ұйымдардың өкілдерін қатысуға шақырады;

4) Орталықтың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара бірлескен әрекеттерді жүзеге асырады.

### **3. Орталықтың қызметін жүзеге асырудың тәртібі**

7. Орталықты ЗТБ-дың Басқарма Төрағасының орынбасары басқарады, ол оның қызметіне басшылық етеді, отырыстарға төрағалық етеді, жұмыс жоспарын бекітеді және Орталық шешімдерінің орындалуын жалпы бақылауды жүзеге асырады.

8. Орталықтың құрамына ЗТБ, білім беру органдары, кәсіподақтар және «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ мүшелерінен жасақталады. Орталық мүшелері өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

9. Орталықтың мәжілістері кемінде жарты жылда бір рет (көзбе-көз немесе сырттай жүздесу) өткізіледі және егер оған оның мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысса, құзыретті болып саналады. Орталықтың шешімдері отырысқа қатысқан Орталық мүшелерінің жалпы санының дауыстарының көпшілігімен қабылданады.

10. Орталық мүшелері Орталықтың қызметі туралы, қабылданған шешімдер туралы ақпарат ала алады, сондай-ақ Орталықтың құзыретінің шеңберіне кіретін кез-келген мәселелерді талқылауға ұсына алады.

11. Орталық мүшелері жиналыста талқыланған мәселелерді талқылау кезінде тең құқықтарға ие. Орталықтың шешімдері қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады, онда әр мүше бір дауысқа құқылы. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның немесе оның міндеттерін атқарушы адамның дауысы шешуші болып табылады.

12. Орталықтың жұмысшы органы болып ЗТБ-ның HR жобалар орталығы табылады. Орталықтың жұмыс органы өзінің алдына қойылған міндеттерін жүзеге асыру мақсатында Орталықтың жұмыс топтарын құрады.

13. Орталықтың жұмысшы органы:

1) күн тәртібін қалыптастырады;

2) қаралатын мәселелер бойынша ұсыныстар жинауды жүзеге асырады. Жұмысшы органға қарау үшін ұсыныстарды ЗТБ мүшелері, мемлекеттік органдар және басқа ұйымдар және бастамашыл тұлғалар бере алады;



3) Орталықтың шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және үйлестіреді;

4) Орталықтың қызметіне тартылған мамандар мен сарапшылардың жұмысын үйлестіреді.

14. Орталықтың отырыстарын ұйымдастыруды, тиісті құжаттар мен материалдарды дайындауды, отырыстың хаттамаларын тіркеуді Орталық хатшысы жүзеге асырады.

Хатшы Орталықтың мүшесі болып табылмайды және Орталықтың отырыстарында дауыс беруге құқығы жоқ.

15. Орталықтың шешімдері оның төрағасы мен хатшысы қол қойған хаттамамен ресімделеді.

#### **4. Орталықтың қызметін тоқтату**

16. Орталық мүшелерінің көпшілігінің немесе ЗТБ-ның шешімі Орталықтың жұмысын тоқтатуға негіз болып табылады.

---

**Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кеңесті құру және оның  
қызметі туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кеңесті (бұдан әрі - Кеңес) құру және оның қызметі туралы ереже Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 153-бабы 5-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Кеңес - әлеуметтік әріптестік және Машина жасау және қорғаныс өнеркәсібіндегі әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиялардың (бұдан әрі - Салалық комиссиялар) жанындағы алқалық органы.

3. Кеңес салалық саясаттың стратегиялық бағыттарын айқындау, салалық саясатты болжау және жоспарлау, сондай-ақ машина жасау және қорғаныс өнеркәсібіндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру, еңбек жағдайын, еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды, салааралық және салалық жақсартуға бағытталған салалық мақсатты бағдарламалар жобаларына, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі стандарттар, ережелер және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сараптамалық шолу жүргізу үшін құрылды.

4. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Салалық комиссияның шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

5. Кеңес құрамы тепе-теңдік негізінде Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік), «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподақ), «Қазақстанның машина жасаушылар одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің және және «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Жұмыс беруші) өкілдерінен құрылады және тиісті Салалық комиссияның шешімімен бекітіледі.

**2. Кеңестің міндеттері**

6. Кеңестің негізгі міндеттері болып:

1) машина жасау және қорғаныс өнеркәсібінде еңбек жағдайларын жақсарту, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету мақсатында салалық саясаттың стратегиялық бағыттарын айқындау;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша салалық нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарау;

3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарының орындалуына ведомстволық бақылауға қатысу табылады.

### **3. Функции Совета Кеңестің атқарымдары**

7. Кеңестің атқарымдары болып:

1) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың проблемалық мәселелері бойынша әлеуметтік әріптестіктің мүдделі тараптарының өкілдерін тыңдау;

2) машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарының жұмыс орындарында қалыпты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға және қолдауға байланысты мәселелерді қарау және шешу;

3) қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту бойынша қажетті шараларды бірлесіп зерттеу және қабылдау туралы ұсыныстарды Салалық комиссияға енгізу.

### **4. Кеңестің құрамы және оның жұмысын ұйымдастыру**

8. Кеңес құрамына Кеңес мүшелері болып табылатын төраға, орынбасар, хатшы (дауыс беру құқығы жоқ) және Кеңес мүшелері кіреді.

9. Кеңес төрағасы:

1) Кеңес қызметіне жетекшілік етеді;

2) Кеңес отырыстарында төрағалық етеді;

3) Кеңес отырыстарын өткізу орны, уақыты мен күн тәртібін бекітеді.

10. Кеңес төрағасы болмаған кезде оның атқарымдарын Кеңес Төрағасының орынбасары орындайды.

11. Әлеуметтік әріптестік тараптары Кеңес қызметіне аналитикалық қолдау көрсетеді.

12. Кеңес хатшысы:

1) Кеңес отырыстарын өткізуге дайындықты жүзеге асырады, хаттама жасайды және әлеуметтік серіктестік тараптарына таратады;

2) Кеңес қабылдаған шешімдердің, Кеңестің, Кеңес төрағасы мен орынбасарының жұмысына қатысты салалық комиссиялардың нұсқауларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

3) мүдделі тұлғаларға Кеңестің шешімдері туралы хабарлайды.

13. Кеңес отырыстары қажеттілікке қарай өткізіледі.

14. Кеңес мүшелері Кеңес отырыстарына бекітілген дербес құрамға сәйкес қатысады, сонымен қатар оған басқа да мүдделі тараптар мен Бұқаралық ақпарат құралдары қатысады.

15. Кеңес отырыстарына тәуелсіз сарапшылар мен мамандар, сондай-ақ құзыретіне Кеңес отырыстарында қаралатын мәселелер кіретін қоғамдық бірлестіктер және үкіметтік емес ұйымдар тартылуы мүмкін.

16. Кеңес мүшелері Кеңес отырыстарына жекелей қатысады.

17. Кеңес мүшелеріне отырыстың өткізілетін орны, уақыты және күн тәртібі туралы жиналыс басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей хабарланады.

18. Кеңес отырысына қатысуға шақырылған адамдар қаралып жатқан мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

19. Кеңестің отырыстары оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып табылады.

20. Кеңестің шешімдері отырысқа қатысқан Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Кеңес Төрағасы немесе оның міндеттерін атқарушы тұлға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

21. Кеңес қабылдаған шешімдер хаттамамен ресімделеді және кеңес берушілік сипатта болады. Кеңес отырыстарының хаттамаларын, баяндамаларын, қорытындыларын, есептерін Кеңес төрағасы бекітеді.

**Машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі ұйымдарындағы еңбек  
қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша өндірістік кеңес туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша өндірістік кеңес туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақат пен кәсіптік аурулардың алдын алу және жұмыскерлердің денсаулығын сақтау жөніндегі шараларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес әзірленді. және қорғаныс өндірісі ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) еңбек қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақат пен кәсіптік аурулардың алдын алу және жұмысшылардың денсаулығын сақтау жөніндегі шараларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес әзірленді.

2. Ереже машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің (бұдан әрі - Кеңес) негізгі міндеттерін, функциялары мен құқықтарын қарастырады.

3. Тепе-теңдік негізде Кеңес құрамына жұмыс берушінің өкілдері, машина жасау саласындағы салалық кәсіподақтың өкілдері немесе жұмысшылардың өкілдері, соның ішінде еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар кіреді.

4. Кеңес құрамы жұмыс берушілер мен машина жасау саласындағы салалық кәсіподақтың өкілдері немесе жұмысшылар өкілдерінің бірлескен шешімімен бекітіледі.

5. Кеңесті ротациялық негізде екі жыл мерзімге сайланатын төраға басқарады.

Кеңестің шешімдері жұмыс беруші мен ұйымның жұмыскерлері үшін міндетті болып табылады.

6. Кеңес жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады,

сондай-ақ техникалық еңбек инспекторларының жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды тексерулерін ұйымдастырады.

7. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға кандидаттарды кәсіподақ ұйымдары ұсынады, ал олар болмаған кезде ұйым қызметкерлерінің жалпы жиналысында қызметкерлердің кемінде үштен екісі қатысқан кезде көпшілік дауыспен қабылданады.

8. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар Кеңестің шешімімен тағайындалады.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың бақылауды жүзеге асыру тәртібі Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы ережемен анықталады.

9. Кеңес мүшесінің қанағаттанғысыз жұмысы, жұмыстан шығарылуы және т.б. жағдайда әрбір тарап өз өкілдерін ауыстыруға, кері шақырып алуға және жаңаларын ұсынуға құқылы.

10. Кеңес өз қызметін өзі әзірлеген ережелерге және Кеңес отырысында қабылданған және төрағасы бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Кеңес отырыстары қажетілігіне қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өтеді.

11. Кеңес өз жұмысында еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен, қадағалау және бақылау жөніндегі басқа мемлекеттік органдармен, ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметімен және келісімшарт негізінде жұмыс істейтін мамандармен (өндірістің спецификасы мен салалық ерекшеліктерін ескере отырып) өзара әрекет жасайды. Жұмысқа тартылған мамандардың қызметі және оларға ақы төлеу Кеңес шешімімен реттеледі.

12. Кеңес пен оның мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету (міндеттерді орындау білімін жетілдіру және т.б.кезінде негізгі жұмыстан босату) ұжымдық шартпен, ал ол болмаған кезде жұмыс берушінің нормативтік актісімен белгіленеді.

13. Кеңес өз қызметінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңдарды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Салалық келісімді, ұжымдық шартты (еңбекті қорғау бойынша келісім) және ұйымның өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

14. Ережеге өзгертулер мен толықтырулар әлеуметтік әріптестік бойынша салалық комиссияның шешімімен енгізіледі.

## **2. Кеңестің міндеттері**

Кеңестің міндеттері болып:

15. Жұмыс берушінің, машина жасау, қорғаныс өнеркәсібі және онымен сабақтас өндіріс салаларындағы кәсіподақ өкілдерінің, Кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын, өндірістік жарақат пен кәсіптік аурулардың алдын алуды қамтамасыз етуге жұмыс беруші мен қызметкерлер уәкілеттік берген орган арасындағы бірлескен іс-қимылдарының бағдарламасын әзірлеу;

16. Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайының және еңбекті қорғаудың жай-күйіне тексеру жүргізуді ұйымдастыру, ұйымдағы еңбек жағдайын және еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың жай-күйін талдау негізінде жұмыс берушілерге еңбекті қорғау мәселелерін шешу бойынша тиісті ұсыныстар дайындау және проблемаларды шешу үшін өз құзыреті шегінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша тиісті ұсыныстар дайындау табылады.

17. Ұжымдық шарттың және / немесе еңбекті қорғау бойынша келісімнің тиісті бөлімінің жобасын дайындау үшін ұйымдастырушылық-техникалық және санитарлық-сауықтыру шараларын әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды қарау.

18. Ұйым жұмыскерлерін келесілер туралы ақпараттандыру:

– зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін жұмыскерлерге өтемақы төлеуге сүйене отырып, жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды, денсаулыққа зиян келтірудің бар қауіпін, кәсіптік жарақаттар мен кәсіптік аурулардың алдын-алу жағдайлары мен қабылданған шаралар туралы;

– жұмыс орындарын еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау және еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды сертификаттау нәтижелері туралы;

– жуу және дезинфекциялау құралдарымен, сертификатталған арнайы киімдермен, аяқ киімдермен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етудің қолданыстағы стандарттары туралы, оларды дұрыс пайдалану және сақтауды, жууды, тазалауды, жөндеуді, дезинфекциялауды және залалсыздандыруды ұйымдастыру туралы.

### **3. Кеңестің атқарымдары**

19. Еңбекті қорғау саласындағы анықталған бұзушылықтарды жою, ұйымда қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау бойынша ұсыныстарды қарау; еңбек үрдісінде жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтау талаптарына жауап беретін бағдарламаларды, ұсыныстарды, шешімдерді және т.б. әзірлеу.

20. Жұмыс орындарындағы, өндірістік алаңдардағы, цехтардағы және тұтастай ұйымындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйін зерттеу нәтижелерін қарастыру, жұмысшылардың сұранысы бойынша сауалнамаларды жүргізуге қатысу және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаулар беру.

21. Өндірістегі жарақаттану мен кәсіптік аурулардың себептерін зерттеу, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін талдау, ұйымдағы еңбекті қорғаудың нақты жағдайы туралы ақпараттық-аналитикалық материалдар дайындау.

22. Еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттаудың барысы мен нәтижелерін талдау, өндірістік нысандардағы тұрақты жұмыс орындарын еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келтіру үшін құрылымдық бөлімшелер мен тұтастай ұйымдарды дайындауға қатысу.

23. Ұйымның еңбекті қорғау шығындарының жобасын жасау.

24. Жұмыс берушіге:

– жұмыскерлерге еңбекті қорғау бойынша уақытылы және сапалы нұсқаулықтар жүргізу, сондай-ақ жұмыскерлердің еңбекті қорғау талаптары туралы білімдерін тексеру, кәсіподақ белсенділері мен жұмыскерлерді заңнама, еңбекті қорғау саласындағы қауіпсіздік стандарттары мен ережелері бойынша үнемі оқыту және білімдерін жетілдіруге;

– өндірісте қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, міндетті емес немесе тиімсіз ауыр дене жұмысын жоятын жаңа озық технологияларды, жаңа жабдықтарды енгізуге;

– ұйым жұмыскерлерін сертификатталған арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етудің қолданыстағы стандарттары туралы, оларды қолданудың дұрыстығы туралы хабардар етуге;

– ұйымдағы еңбекті қорғау, өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандыруды қаржыландыру мәселелерін қарау кезінде; еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға бағытталған ұйым қаражатының жұмсалуды бақылауды жүзеге асыруға жәрдемдеседі;

25. Санитарлық-гигиеналық құралдар мен санитарлық-техникалық жабдықтардың жай-күйі мен пайдаланылуын бақылау, жұмыскерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету, оларды қолдану дұрыстығы, емдік-профилактикалық тамақтануды ұйымдасуға.

